



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 21-09/3235 дз от: 07.07.2022

№ вх.2676//21-09/3235дз от: 07.07.2022

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының депутаты  
Д.Ө. Нұржігітке

2022 жылғы 9 маусымдағы  
№ 16-13-137Д/С

**Құрметті Дана Өмірбайқызы!**

Сіздің зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен зейнетақы жинақтарының сақталуы, зейнетақы жасын төмендетуге және жұмыспен қамту мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап келесіні хабарлаймыз.

Зейнеткерлік жасты төмендетуге қатысты мәселе бойынша өткен жылдан бастап Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (*бұдан әрі - Министрлік*) «Қазақстан Республикасы әйелдері зейнет жасын 58 жасқа дейін төмендету бойынша» Қозғалысы белсенділерімен тұрақты негізде жұмыс жүргізіп келеді.

Атап айтқанда, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінен тұратын жұмыс тобы министрліктің және «Жанұя» отбасын қолдау орталығының алаңдарында 8 кездесу өткізді.

Тек соңғы айдың өзінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қатысуымен 4 отырыс өткізілді.

Кездесу барысында зейнеткерлік жасты 58/60 жасқа дейін төмендету, ары қарай зейнеткерлік жастың артуына мораторий жариялау сияқты негізгі ұсыныстары зерттелді.

Министрлік тарапынан қолданыстағы заңнама шеңберінде жинақтаушы зейнетақыға ерте шығуды қамсыздандыру бойынша шаралар ұсынылды.

Аталған бағытта жұмыстар жалғасуда және жалпы қабылданып жатқан шаралар туралы толық ақпарат қосымшаға сәйкес ұсынылып отыр.

*Қосымша: 3 парақта.*

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

